

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және Алтай ауданының ауылдық жерлерінде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін анықтау туралы

Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 15 қаңтардағы № 2 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 18 қаңтарда № 8353 болып тіркелді

ЗКАИ-ның ескертпесі.

Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18–бабының 2) тармақшасына сәйкес, Алтай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес, азаматтық қызметші болып табылатын және Алтай ауданының ауылдық жерлерінде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі анықталсын.

2. "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерлерінде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін анықтау туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 7131 тіркелген, 2020 жылғы 2 маусымда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде жарияланған) Алтай ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 21 мамырдағы № 173 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнін кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алтай ауданының әкімі

К. Байгонусов

"КЕЛІСІЛДІ":

Алтай ауданы

Л. Гречушникова

мәслихатының хатшысы _____

"___" ____ 2020 жыл

Алтай ауданының әкімі

2021 жылғы 15 қаңтардағы

№ 2 қаулысы қосымша

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және Алтай ауданының ауылдық жерлерінде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

1. Әлеуметтік қамсыздандыру саласы мамандарының лауазымдары:
1) халықты жұмыспен қамту орталығының асистенті;

2) мүгедектігі бар балаларды және 18 жастан асқан психоневрологиялық аурулары бар мүгедектігі бар адамдарды күту жөніндегі әлеуметтік қызметкер;

3) карттар мен мүгедектігі бар адамдарды күту жөніндегі әлеуметтік қызметкер.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы әкімдігінің 28.04.2023 № 245 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Мәдениет саласы мамандарының лауазымдары:

- 1) аға кітапханашы;
- 2) кітапханашы;
- 3) аға мәдени ұйымдастырушы;
- 4) мәдени ұйымдастырушы;
- 5) концертмейстер;
- 6) сүйемелдеуші;
- 7) хореограф;
- 8) режиссер;
- 9) бұқаралық шаралардың режиссері;
- 10) дыбыс режиссері;
- 11) дыбыс операторы;
- 12) хор жетекшісі;
- 13) музыкалық жетекші;
- 14) вокалдық топ жетекшісі;
- 15) бейнелеу студиясының жетекшісі;
- 16) студия жетекшісі;
- 17) үйірме жетекшісі;
- 18) би ұжымының жетекшісі;
- 19) вокал студиясының жетекшісі;
- 20) хор жетекшісі;
- 21) көркемөнерпаздар ұжымының жетекшісі;
- 22) халық ұжымының жетекшісі.
- 23) қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің мұғалімдері.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы әкімдігінің 05.03.2025 № 122 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).